

**Франция мемлекетіндегі «Әлем-ALEM» қазақ қауымдастығы
және Астана қаласының әкімдігінің
«Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп гимназия» ШЖҚ МКК
арасындағы ынтымақтастық туралы
М Е М О Р А Н Д У М**

2020 жылғы 12-ші шілдедегі кезектен тыс жалпы ассамблеясы шешімі негізінде әрекет ететін Франция мемлекетіндегі «Әлем-ALEM» қазақ қауымдастығы бір тараптан және Жарғы негізінде әрекет ететін Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, тараптардың өзара мүдделілігін негізге ала отырып туризмді дамыту, мәдени мұраны зерделеу және танымал ету мақсатында ынтымақтастық туралы осы Меморандумға (бұдан әрі – "Меморандум") қол қойды:

1 бап

Осы Меморандумның мақсатын іске асыру үшін бір-бірімен мынадай бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- 1.1. ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Тараптардың бірлескен жобаларына қатысу;
- 1.2. Франция еліне туристік маршруттарды ұйымдастыру бойынша өзара қызметтерді ұсыну;
- 1.3. Мұстафа Шоқай жүрген ізімен экскурсиялық қызметтерді ұйымдастыру;
- 1.4. Ғылыми-мәдени және білім беру жобаларын бірлесіп әзірлеу және жүзеге асыру;
- 1.5. Мәдениет, тарих, өнер және музей ісі саласындағы зерттеулердің басым бағыттарын анықтау бойынша кеңес беру;
- 1.6. Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу және өткізу;
- 1.7. Бірлескен ғылыми бағдарламаларды ұйымдастыру; сонымен қатар тарих, өнер және музей ісі саласындағы материалдармен және нәтижелермен (жетістіктермен) қамтамасыз ету;
- 1.8. Бірлескен көрмелер және оларға жарияланымдар ұйымдастыру;
- 1.9. Жұмыс кездесулерін ұйымдастыру;
- 1.10. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдаманы ұйымдастыру шеңберінде қызметкерлер мен мұғалімдердің тәжірибе алмасуы;
- 1.11. Ғылыми ақпараттармен, құжаттамамен, әдебиеттермен және библиографиялық басылымдармен алмасу;
- 1.12. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа түрлерін пайдалану.

2 бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша, оның ажырамас бөлігі болатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар тиісті түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қоюы керек.

3 бап

Тараптар ынтымақтастықтың нақты мәдени бағдарламалары мен жобаларын іс жүзінде іске асыру, жекелеген екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады және қаржыландырылады деп келісті.

4 бап

Осы Меморандумды орындауға немесе өзгертуге қатысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі, егер келісімге қол жеткізілмесе, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес қаралуға жатады.

5 бап

Осы Меморандумға өзгерістер Тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде енгізіледі.

6 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде қолданылады. Осы Меморандум, егер Тараптардың ешқайсысы Меморандумның қолданысын тоқтатқаны үшін, аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын айтпаса, меморандум келесі 5 (бес) жылға автоматты түрде ұзартылады.

7 бап

Келісім екі тарап үшін бірдей заңды күші бар қазақ және француз тілдерінде 2 (екі) данада жасалды.

<p>Франция мемлекетіндегі «Әлем-ALEM» қазақ қауымдастығы</p> <p><i>Зульфат</i></p> <p>ALEM 20 bis, rue Laënnec 93110 Rosny-sous-Bois N° W 931023707 www.alemasso.com</p> <p>Президент Бензакри Зульфат</p> <p>Күні: «__» _____ 20 ж.</p> <p>Мекен-жайы: Франция, 93130 Рони-су-Буа қаласы, <u>Ленек көшесі 20-шы бис үй</u> SIRET</p> <p>Тел.: + 33-613 28 49 97 + 33-782 10 22 01 e-mail: association_alem@yahoo.com</p>	<p>Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» КММ-сі</p> <p><i>Данара</i></p> <p>Директор Ежумартова Данара Мейранбековна</p> <p>Күні: «__» _____ 20 ж.</p> <p>Мекен-жайы: Қазақстан, <u>Нұр-Сұлтан қаласы, Аманат, 5</u> БСН 050840003369 ИИК KZ22070102KSN6201000</p> <p>Тел: 8-71-72-50-17-65 51mektep@mail.ru</p>
---	--